



№1
2024

Вестник ВÓВЕК

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



OJS
OPEN
JOURNAL
SYSTEMS

[@bobek_organization](#)
[t.me/bobek_science](#)

+7 776 181 86 88
+7 701 475 16 38

Астана, Казахстан
conferences2019.kz@gmail.com



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ
ИНСТИТУТ «БОБЕК»

ISSN 2664-2271



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

eLIBRARY.RU

РИНЦ



«ВЕСТНИК БОБЕК»

№1(1). 2024

СЕРИЯ «БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Е. Абиев, PhD (Казахстан)

Ж.Малибек, профессор (Казахстан)

Ж.Н.Калиев к.п.н. (Казахстан)

Лю Дэмин (Китай),

Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)

Чембарисов Э.И. д.г.н., профессор (Узбекистан)

Салимова Б.Д. к.т.н., доцент (Узбекистан)

Худайкулов Р.М. PhD, доцент (Узбекистан)

Заместители главного редактора: Е. Ешим (Казахстан)

Международный научный журнал «ВЕСТНИК БОБЕК» ЛИЦЕНЗИРОВАН И ЗАРЕГИСТРИРОВАН В КОМИТЕТЕ ИНФОРМАЦИИ, МИНИСТЕРСТВА ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, регистрационный номер СВИДЕТЕЛЬСТВА: KZ94VPY00075161 от.15.08.2023 г.



INTERNATIONAL RESEARCH INSTITUTE «BOBEK»

ISSN 2664-2271



BOBEK



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА

eLIBRARY.RU

РИНЦ



«BULLETIN OF BOBEK»

No.1(1). 2024

SERIES "BIOLOGICAL SCIENCES"

CHIEF EDITOR:

E. Abiev, PhD (Kazakhstan)

J. Malibek, professor (Kazakhstan)

Zh.N. Kaliev, candidate of pedagogical sciences (Kazakhstan)

Liu Deming (China),

E.L. Stycheva, T.G. Borisov (Russia)

Chembarisov E.I. Doctor of Geographical Sciences, Professor (Uzbekistan)

Salimova B.D. Ph.D., associate professor (Uzbekistan)

Khudaykulov R.M. PhD, associate professor (Uzbekistan)

Deputy chief editors: Y. Yeshim (Kazakhstan)

The international scientific journal "BOBEK NEWSLETTER" is LICENSED AND REGISTERED WITH THE INFORMATION COMMITTEE, MINISTRY OF INFORMATION AND SOCIAL DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, CERTIFICATE registration number: KZ94VPY00075161 dated 08/15/2023.

ASTANA – 2024

Consolidation of legal entities in the form of an
association «National Movement «Bobek», 2024



УДК 631.655

ЭЖЕКЦИОННО-ИНЖЕКЦИОННОГО СПОСОБА РАССЕЛЕНИЯ ЭНТОМОФАГОВ

Ирисов Хуснидин Дониёрович

доцент Ташкентский государственный аграрный университета
Ташкент, Узбекистан

***Аннотация:** В статье раскрыты особенности перехода к кластерной системе хозяйствования в агропромышленном комплексе (АПК) Республики Узбекистан на основе применения инновационной техники и технологии. Показано, что несмотря на широкие применения агротехнических, химических способов борьбы с вредителями, болезнями и сорных растений вопросы механизации биологических средств борьбы все ещё остаются не решенными, подручные средства борьбы с ними не дают ожидаемых результатов. В качестве наиболее приоритетных задач исследования автором ставятся вопросы механизации технологического процесса расселения яиц или куколок энтомофагов с использованием беспилотного дрона, оснащенного с эжекторно-инжекторным дозатором.*

***Ключевые слова:** вредители, болезни растений, биологические способы, энтомофаги, дрон, дозатор.*

Введение: Внедрение в агропромышленный комплекс (АПК) Республики Узбекистан кластерных систем хозяйствования требует широкого использования высокопроизводительных и надежных сельскохозяйственных машин, и аппаратов на базе новейших инновационных технологий [1].

Оптимальные почвенно-климатические условия нашей страны оказывает самые благоприятные возможности не только для развития сельскохозяйственных культур, но и населяющих в них многих вредителей, болезней и сорных растений [2]. Несмотря на высокую эффективность биологических способов борьбы с вредителями и болезнями из-за их слабой механизации они все ещё не нашли повсеместного применения [3,4,5,6,7].

Объект и методика исследования. Объектом исследования является эжекторно-инжекторный дозатор энтомофагов. Методика исследования базируется на теоретические аспекты расселения энтомофагов. Подручные средства биологической защиты растений, в виде светоловушек и другие с липкими массами, используемые на концах гонов посевных площадей являются малопродуктивными. Пока нет глубоких теоретических и практических разработок по созданию высокопроизводительных агрегатов и аппаратов, обеспечивающих механизацию и автоматизацию технологического процесса расселения энтомофагов для крупных посевных площадей [8].

Задачей исследования является создание беспилотного дрона, обеспечивающего эжекторно-инжекторного способа расселения энтомофагов. На основе глубоких литературных и патентно-поисковых работ нами разработана перспективная конструкция беспилотного дрона аппарата, которая показана на рис.1.

Предлагаемый аппарат является сменным, может быть смонтирован на любой беспилотный дрон или мобильный агрегат [9].




Рис.1. Беспилотный дрон с эжекторно-инжекторным дозатором: 1- рама; 2- место крепления к раме дрона; 3- бункер; 4- крышка; 5-фонтанирующая трубка; 6-эжекторно-инжекторный дозатор; 7-ресивер; 8,9- подводящие и отводящие трубки; 10- вентиль; 11- конусовидная насадка; 12-лопасти; 13-конусовидный сопловой выступ; 14-энтомофаговый трубопровод; 15- демпфирующая пружина; 16-многошарнирный механизм; 17-вентилирующий элемент; G -сила тяжести; R -подъемная сила; $V_{ос}$ - скорость рассева; V - скорость осаждения; V_p - результирующая скорость воздуха; “а” и “в”- толщина и ширина энтомофага, L_d дальность расселения энтомофагов.

Устройство и принцип работы аппарата заключается следующим: Аппарат состоит из беспилотного дрона с аппаратом на опорных ножках. Сам аппарат состоит из бункера 3, эжекторно-инжекторного дозатора 6, ресивера 7, с подводящими 8 и отводящими 9 трубками, вентиля 10, конусовидной насадки 11, вентилярующего элемента 17 с конусообразным сопловым выступом 13.

Беспилотный дрон поднимаясь на заданную высоту (до 2-4 м) по заданной программе автоматически включает вентилярующий элемент 17 на режим работы и часть локальной порции воздуха через подводящую трубку 8 и фонтанирующую трубку попадает в бункер 3 и приводит частицы энтомофагов во взвешенное состояние (причем $R \gg G$), и из них через боковые окна дозатора 6 переходит в сторону отводящей энтомофаговой трубки 8, где действует сила всасывающего (инжекционного) потока воздуха, создаваемого за счет разряжения в зоне точки А конусообразного соплового выступа 13 вентилярующего элемента 17. Как видно процесс расселения энтомофагов имеет вероятностью характеристику.

За счет регулирования расхода локального воздушного потока через вентиль 10 (или шаровидный подпружиненный клапан) достигается оптимальный режим расселение энтомофагов.



Аппарат может быть вмонтирован, как на беспилотный дрон, так и на наземный мобильный агрегат (культиватор). Они могут перемещаться на полях, по схеме, приведенных на рис.2. [10]




Рис.2. Кинематика движения наземного мобильного агрегата (а) и дронного аппарата (б) (где t - ширина гонов); А и Б- места заправки бункера энтомофагами.

Физическая сущность процесса эжекции и инъекции масс энтомофагов заключается в том, что каждая частица энтомофагов внутри рабочей камеры бункера подвержена подъемной силе R и силе тяжести $G=mg$ (m - масса; g - ускорение земного притяжения, А и Б- места заправки бункера).

Результаты исследования. Сила R давления локального потока воздуха в зоне дозатора может быть определена по следующей формуле [11,12,13]:

$$R = C_{л} \cdot \rho_{в} \cdot S(V_{в} - V_{вз})^2, H \quad (1)$$

где $C_{л}$ - коэффициент сопротивления локального воздушного потока; $\rho_{в}$ - плотность воздуха; S - площадь поперечного сечения энтомофагов; $V_{в}$ - скорость локальной воздушной струи; $V_{вз}$ - скорость парения энтомофагов внутри бункера.

Сила тяжести G энтомофага всегда направлена против подъемной силы R , поэтому скорость осаждения яиц также направлена против скорости подъема подводимой локальной струи воздуха и зависит от формы и состояния поверхности энтомофагов. При $G > R$ энтомофаги опускаются в сторону на бункера, а при $G = R$, они переходят во взвешенное состояние. Для сохранения условий $G = R$ скорость взвешивания или парения энтомофагов внутри бункера можно оценить по следующей формуле:

$$V_{вз} = \sqrt{\frac{G}{C_{л} \cdot \rho_{в} \cdot S}}, м/с \quad (2)$$

При этом коэффициент вспенивания энтомофагов будет равен:

$$K_{вз} = \frac{9,81}{V_{вз}}$$

Таким образом для создания условий вспенивания или парения энтомофагов, обеспечивающих надёжный переход через боковые окна эжекционно-инжекторный дозатор в сторону их расселения возникла необходимость выбрать не только оптимальной скорости локальной струи воздуха перед эжекционно-инжекционным дозатором, но и их рациональных конструктивных параметров трубки внутри бункера.

Результаты теоретических исследований дали возможность глубже раскрыть физическую сущность процесса дозирования через дозатор и более целенаправленно усовершенствовать конструкции эжекторно-инжекторного дозатора. При работе аппарата без отводящей трубки, аппарат работает как эжектор, а при установке к ним дозатора как



инжектор, то есть при этом всасывающий инъекционный поток создаваемый внутри трубки обеспечивает расселению энтомофагов на относительно большое расстояние.

Выводы. Предлагаемый эжекторно-инжекторный способ расселения энтомофагов агрегатов, обеспечивает механизацию технологического процесса их расселения не только на крупных, но и малых посевных площадях фермерских и кластерных хозяйств.

Теоретические разработки позволили раскрыть физическую сущность технологического процесса дозирования и расселению энтомофагов, целенаправленнее усовершенствовать конструкцию эжекторно-инжекторного дозатора.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Мирзиёев Ш.М. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. –Тошкент: Ўзбекистон, 2016. – Б. 56.
2. Кимсанбоев Х.Х., Сулаймонов Б.А. Размножение энтомофагов в биолaborатории. – Ташкент, — 2000. —18 с.
3. De Freitas Bueno, R., Parra, J., & De Freitas Bueno, A. (2012). *Trichogramma pretiosum* parasitism and dispersal capacity: A basis for developing biological control programs for soybean caterpillars. *Bulletin of Entomological Research*, 102(1), 1-8. *Doi:10.1017/S0007485311000289*.
4. Mirzakhodjaev S. et al. Efficiency of the use of the active working body on the front plow //E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2021. – Т. 264. – С. 04047.
5. Shavkat Mamasov et al. Deflector nozzles of rain irrigation machines // E3S Web of Conferences **390**, 01033 (2023)
6. Kimsanbaev Kh.Kh., Zakhidov FM, Kadyrov A. (1997) Whiteflies and their entomophages. Tashkent: Ministry of Agriculture and Water Resources. – p. 43.
7. F A Alimova et al 2023 IOP Conf. Ser.: Earth Environ. Sci. 1231 012012
8. Матчанов Р.Д. Защита растений в системе культура-вредитель-препарат-машина. – Ташкент: Фан, 2016. – С. 360.
9. Анорбоев А., Кимсанбоев Х., Сулаймонов Б., Аширбеков И. и др. Установка для изготовления карточек с яйцами энтомофагоф. № FAP 20133003 от 23.12.2014. 4 ст.
10. Aslonov N., Irisov K. Mathematical model of resistance to spreading forces using a bulldozer blade //E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2023. – Т. 390.
11. Пахтачилик маълумотномаси.. –Тошкент: Фан ва технология, 2016, - Б. 540.
12. Irisov K.D., Akhmedov D.A., Aliboyev B.A. Theoretical aspects of spraying working fluids in a curved method in precision farming systems //IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – IOP Publishing, 2022. – Т. 1076. – №. 1. – С. 012011.
13. Irisov K., Xamidov G. Formation of highly dispersed droplets with harmless effect on the environment and the results of their mathematical and statistical processing //E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2023. – Т. 386.



ӘОЖ 581.5

АЛМА (MALUS L) ТУЫСЫНЫҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹Муканова Н.М., ²Садуақас Н.Т., ¹Ибрагимов Т.С.
¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.
²Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы
Шымкент, Қазақстан

Аннотация: В статье рассматриваются биоэкологические особенности яблоня и хозяйственная значимость.

Ключевые слова: яблоня, биоэкологические особенности, род, вид, хозяйственное значение, семейство, флора.

Кіріспе Евразия құрлығының түкпірінде орналасқан Қазақстан аумағы, өзінің геоморфологиялық ерекшеліктеріне қарай яғни жердің қоңыржай белдеуінің шөлді аймағында, мұхиттар мен теңіздерден жырақта орын алуы, биік, мұз бен қар басқан тау жоталарының құрғақ әрі ыстық тауаралық аңғарлармен алмасуы, жер бедерінің күшті тілімденуі және осы аймақтың өсімдік жамылғысының алуандығын, бірегейлігі мен өзгешелігін анықтайды.

Кең байтақ Қазақстан аумағында әлі де болса флоралық зерттелмеген аудандар бар екендігі рас. Солардың қатарына Қаратау, Өгем және Қаржантау аумағындағы Rosaceae Juss. тұқымдасының алма туысын жатқызуға болады. Себебі бұл өсімдік қазіргі күнге дейін әлемнің ғалымдарын қызықтыруда. Батыс Тәңіртауы аумағындағы өсімдіктер дүниесін соның ішінде алма туысын әлі күнге дейін зерттеп келе жатқан ҚР ҰҒА академигі А. Жанғалиев ағамыз көптеген ғылыми құнды зерттеулер жүргізген [1]. Ол алманың генетикалық ресурстарын басқарудың теориясы мен практикасының негіздерін айқындап берді. Бір ғана Сиверс алмасының 27 сорттық клондарын тандап, патенттеп және Қазақстан Республикасы селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізіміне енгізді [2].

Батыс Тәңіртауы өсімдік түрлерінің шоғырлануының жоғары дәрежесімен, сондай-ақ табиғи экожүйелердің сақталуымен ерекшеленеді. Өңір флорасы жоғары сатыдағы өсімдіктердің бірнеше мың түрінен құралған, оның ішінде Батыс Тәңіртауының 484 эндемигі, 193 оқшау эндемиктер (тек бір жотада кездесетін өсімдіктер), мәдени - жеміс өсімдіктерінің арғы тектері бір. Аудан дәрілік өсімдіктерге бай. Батыс Тәңіртауы аумағында Тәңіртауы шыршасы, грек жаңғағы, соғды қара өрігі қатар өседі [3]. Алма туысын түгендеу - өсімдіктерді тиімді пайдалану жолдары мен маңызын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар оларды сақтап қорғау мәселелерін де айқындап береді. Сол себепті де таулы аудандардың флорасын зерттеудің маңызы ерекше болып саналады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Батыс Тәңіртауында кездесетін алма туысын жан-жақты талдау жұмыстарын жүргізу. Жұмыстың мақсатына жету үшін келесі міндеттер алға қойылған: - алма туысының конспектісін түзу; - алма туысын жан-жақты талдау (таксономиялық, экологиялық, ареальдық, биоморфологиялық, географиялық);

Зерттеу әдістері Зерттеу жұмыстары 2022 – 2023 жылдар аралығында Сайрам - Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қарасты Батыс Тәңіртауындағы Сайрамсу шатқалында кездесетін Rosaceae Juss. тұқымдасының дендрофлорасы алынды. Далалық-экспедициялық зерттеу жұмыстары маршрутты әдіспен жүргізілді. Гербарий жинау және оларды өңдеу жұмыстарын А.К Скворцовтың [4] гербарий жинау және кептіру әдістемесі бойынша жүргізілді және таксондарды айқындауда салыстырмалы морфологиялық-географиялық әдіс қолданылды. Жиналған гербарийдегі түрлерді анықтау, жүйелеу және олардың конспектісін түзу үшін «Флора Казахстана» [5], «Определитель растений Средний Азий» [6], «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» [7], «Государственный



Кадастр растений Южно-Казахстанской области. Книга первая. Конспект видов высших сосудистых растений», [8], «Государственный Кадастр Растений Южно-Казахстанской области. Красная книга. Дикорастущие редкие и исчезающие виды растений» [9] еңбектері пайдаланылды.

Эндемиктер мен реликті өсімдіктерді зертеу олардың генезисін меңгеру аса қажетті, сондықтан бұл түрлерді зерттеу М. С. Байтенотың [10], және Н.К.Аралбай мен В.Н.Васильевтің және «Государственный Кадастр Растений Южно-Казахстанской области. Красная книга. Дикорастущие редкие и исчезающие виды растений» еңбектеріне сүйендік [8], [9] т. б ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Батыс Тәңіртауының флорасы Орталық Азиядағы ең бай флораның бірі. Оның аумағының 1%-на да жетпейтін жерді ала отырып, ол Орталық Азиядағы белгілі 9000 түрлі түкті өсімдіктердің 3500-ге жуығын шоғырландырып отыр [6]. Флораның негізін жабық тұқымдылар бөлімі құрайды (95 % астам). Олардың ішінде 15% жуығы даражарнақтылар класы және 80% қосжарнақтылар класс өкілдері. Asteraceae, Poaceae, Fabaceae флорасының аса ірі үш тұқымдасы, бұл Ежелгі Жерорта флорасына тән белгі. Батыс Тәңіртауы флорасы – Ежелгі Жерортаның шығыс бөлігінің үйреншікті флорасы, ол өзінің шетте орналасуының арқасында голарктиканың қоңыржай белдеуіне тән кейбір белгілерге ие, атап айтқанда раушангүлділердің, сарғалдақтар мен қияқтардың түрлері көп. Түрлердің көпшілігі орта тау белдеуінде (2000-2500м) шоғырланған [11]. Осы белдеуден жоғары және төмен қарай түрлер саны күрт азаяды. Батыс Тәңіртауы аумағындағы өсімдіктер дүниесін біршама ботаникалық зерттеу жұмыстары жүргізілген [12]. Оның ішінде Сайрам - Өгем ұлттық табиғи паркіне қарасты Сайрамсу шатқалы аумағындағы Rosaceae Juss. тұқымдасына жататын ағаш – бұта өсімдіктері зерттеліп оларға таксономиялық талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде алма туысы түрлерін экологиялық топтарға бөлдік яғни экологиялық талдаулар өсімдіктердің қоректеніп тіршілік ететін ортасына, ортаның форма түзетін және физиологиялық маңызы бар бейімделуін тудыра алатын факторларына, яғни ылғалдылыққа, құрғақтыққа, ыстыққа қатынасына байланысты ксеромезофитті және мезофитті топтарға бөлінді. Ареалдық ерекшеліктеріне келетін болсақ туыс өкілдерінің басым бөлігі таулыортаазиялық аймақты құрап отыр.

Алма туысы – Malus. Туыстың құрамына қоңыржай климатты елдерде өсетін 30 түр жатады. БОР-да 10 түр, Қазақстанда 6 түрі кездеседі [5]. Табиғи өсімдіктер қауымдастығында ең көп кездесетін түрлері мыналар: орман алмасы (яблоня лесная). Ол бұрынғы одақтас республикалардың европалық бөлігіндегі жалпақ жапырақты ормандарда; Шығыс алмасы (яблоня восточная Кавказдың жалпақ жапырақты ормандарында; Сиверси алмасы (яблоня Сиверси - Орта Азия мен Қазақстанның таулы және өзен жағалық ормандарында өседі. Бұл түрлер кейде таза алма ағашынан тұратын орман түзеді. Орта Азияның тауларында өсетін, алмадан тұратын бай орманның өндірістік маңызы зор. Жабайы түрлерінің жемістері жеуге келеді және оларды өндірісте пайдалануға толық мүмкіндік бар (кептіруге, вино жасауға, джем жасауға). Недзвецкий алмасы (яблоня Недзвецкого) аса сәнді, оның сабақтары және жемістерінің жұмсақ бөлігі (етженді бөлігі) антоцианды түсімен ерекшеленеді. Өмірлік формалары ағаштар мен бұталар. Гүлдері аналықтың үстінде орналасады, гүлтабаны ойыс. Гүлсерігі қосарланған 5 мүшелі. Аталығының саны көп жағдайда 20-ға жетеді. Гинецейі ценокарпты, жеміс жапырақшалары 5, олар көп жағдайда редуцияға ұшыраған 2-3, кейде 1-ге дейін қысқарған. Гүл түйіні (жатыны) төменгі, бакал тәрізді гипантимен бірігіп кетеді. Гүл формуласы $Ca(5) Co5 A Ce (1-5)$. Жемісі жидек. Көп кездесетін түрлері: орман алмасы М. Siversii – Орта Азия мен Қазақстанның таулы және өзен жағалын ормандарда өседі. Алма ағашының барлық екпелі сорттарының күрделі комплексі “үй алмасы” –М domestica деген атпен топтастырылады.



Malus. Алма туысы (Яблоня)

1 *M.Sieversii*. Сиверс алмасы Биіктігі 2-6 м болатын ағаш. Жапырағының диаметрі 6-11 см, ені 3-5,5 см болады. Сәуір айында гүлдеп шілде, тамыз айында жемісін береді. Тау белдеулерінде, өзен жағасында өседі. Бұл түр шаруашылықта зор маңызға ие болып келеді, яғни, тағамдық маңызы көп. Сиверс алмасынан шарап, табиғи шырын алынады. Сонымен қатар дәрі –дәрмек алуда, бояу, сәндік бағытта қолданылады. Таралуы. Сырдария Қаратауы және Талас Алатауында, Қазақстанның оңтүстік - шығыс таулы аудандарында, Қазақстанның сыртында - Орта Азия мен Батыс Қытай тауларында таралған. Экологиясы мен биологиясы. Мезофит. Орман белдеуінің көптеген ассоциациясы бар ормандар құрайды. Сәуір мамырда гүлдейді. Шілде қыркүйекте жеміс береді. Тұқым арқылы көбейеді. Ареалы мен түрінің саны. Популяция саны күрт азаюда. Шектеуші факторлар. Бақылаусыз шабу және жемістерін жинау. Қорғау шаралары. Бұл түр Қазақстанның қызыл кітабына енген [13] 2(U), сирек жойылу қауіпі тікелей төнген, бірақ аз мөлшерде кездесетін, тез жойылып кетуі мүмкін түр.

2 *M.niedzwetzkiana*. Недзвецкий алмасы Биіктігі 2-6см болатын ағаш. Жапырағының диаметрі 7-10 см, ені 3-6 см болады. Гүлдеу мерзімі сәуір, мамыр айында гүлдеп тамыз айында жемісін береді. Недзвецкий алмасы тау ормандарында өседі. Тағамдық, сәндік қасиеті бар. Таралуы. Сырдария, Қаратау шатқалы, Талас Алатауының батыс бөліктері, Даубаба және Машат, Қазақстаннан тыс - Батыс Қытай. Экологиясы мен биологиясы. Ксеромезофилді ағаш, жапырақты орманда *Malus sieversii* және *Malus Kirghisorum* - дармен қатар өседі. Бағбандар өз еркімен өсіреді, көбіне сәндік қасиетіне бола қолданылады. Ареалы мен түр саны. Барлық жерлерде жеке кездеседі. Шектеуші факторлар. Бақылаусыз шабу және жемістерін жинау.

Қорғау шаралары. Бұл түр Қазақстанның қызыл кітабына енген [13] 3(R), ареалы қысқарып, табиғаттың және адамның әсерінен кеміп бара жатқан түр.

3. Жемісті алма. Яблоня ягодная – *Malus baccata* (L) Borkh. Бойы 10 м жететін ағаш. Мамыр айында гүлдеп тамыз айында жемісін береді. Жемістері 1 см ге дейін жетеді. Таралуы. Солтүстік Қазақстанның саябақ, бау-бақшалы ылғалды жерлерінде кездеседі. Экологиясы мен биологиясы. Мезофилді ағаш, жапырақты орманда өседі. Бағбандар өз еркімен өсіреді, көбіне сәндік қасиетіне бола қолданылады. Ареалы мен түр саны. Барлық жерлерде жеке кездеседі. Шектеуші факторлар. Бақылаусыз шабу және жемістерін жинау.

4. Өрікжапырақты алма. Сливолюстная яблоня. *Malus prunifolia* (Wild) Borkh. Бойы 6 м жететін ағаш. Сәуір-мамыр айында гүлдеп тамыз айында жемісін береді. Жемістері 1 см ге дейін жетеді. Таралуы. Қазақстанның барлық демалатын аймақ бау-бақшалы ылғалды сортаң жерлерінде кездеседі. Экологиясы мен биологиясы. Мезофилді ағаш, жапырақты орманда өседі. Бағбандар өз еркімен өсіреді, көбіне сәндік қасиетіне бола қолданылады. Ареалы мен түр саны. Барлық жерлерде жеке кездеседі. Шектеуші факторлар. Бақылаусыз шабу және жемістерін жинау.

5. Үй бойындағы алма. Домашняя яблоня. *Malus domestica* Borkh. Бойы 3-6 м жететін ағаш. Сәуір-мамыр айында гүлдеп тамыз айында жемісін береді. Шаруашылық маңызы зор, яғни, тағамдық маңызы көп. Өсімдіктен шарап, табиғи шырын алынады. Сонымен қатар дәрі –дәрмек алуда, бояу, сәндік бағытта қолданылады. Таралуы. Қазақстанның барлық демалатын аймақ бау-бақшалы, кең дала ылғалды жерлерінде кездеседі. Экологиясы мен биологиясы. Ксеромезофилді ағаш, жапырақты орманда өседі. Бағбандар өз еркімен өсіреді, көбіне сәндік қасиетіне бола қолданылады. Ареалы мен түр саны. Барлық жерлерде жеке кездеседі. Шектеуші факторлар. Бақылаусыз шабу және жемістерін жинау.

6. Қырғыз алмасы. Киргизский яблоня. *Malus kirghisorum* Al.et.An. Thaed. Бойы 12 м-ге жететін ағаш. Сәуір-мамыр айында гүлдеп тамыз- қыркүйек айында жемісін береді. Табиғи шырын алынады. Сонымен қатар дәрі –дәрмек алуда, бояу, сәндік бағытта қолданылады. Таралуы. Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань таулы қатты сортаң жерлерінде



кездестіруге болады. Экологиясы мен биологиясы. Ксеромезофилді ағаш, жапырақты орманда өседі. Бағбандар өз еркімен өсіреді, көбіне сәндік қасиетіне бола қолданылады. Ареалы мен түр саны. Барлық жерлерде жеке кездеседі. Шектеуші факторлар. Бакылаусыз шабу және жемістерін жинау.

Жалпы алма туысының биоэкологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде төмендегідей қорытынды берілді: таксономиялық талдау барысында раушангүлділер тұқымдасына жататын алма туысының 6- түрі анықталып тізімі жасалды; экологиялық талдау барысында, алма туысы ксеромезофиттер мен мезофитті топтарға жататындығы анықталды; алма туысына ареалдық талдау жасалынып, нәтижесінде басым бөлігі таулыортаазиялық аймақты қамтитыны анықталды; сирек кездесетін түрлерге алма туысының Қызыл кітапқа енген 2 – түрінің тізімі жасалды. Оларды табиғатты қорғаудың халықаралық одағы бойынша категорияларға бөліп, өсімдіктерге анықтама берілді. Сондай-ақ бұл түрлердің морфологиясы, экологиясы, ареалдық таралуы, қорғау шаралары анықталды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Джангалиев А.Д. Дикая яблоня Казахстана Из-до «Наука», Каз ССР Алма-Ата. 1977, б.284
- 2 Дикоплодовые леса Казахстана: Вопросы сохранения и рационального использования генофонда глобального значения, Алматы. 2012, 120 б.
- 3 Атлас биологического разнообразия Западного Тянь-Шаня // Центальноазиатский трансграничный проект по сохранению биоразнообразия Западного Тянь-Шаня, Астана 2005.
- 4 Скворцов А.К. Гербарий (Пособие по методике и технике). -М.: Наука. 1977.б.52.
- 5 Флора Казахстана. тт. 1 – 9. Алма – Ата: Изд. АНКазССР, 1956- 1966.210 бет.
- 6 Определитель растений Средней Азии. Ташкент: Фан. 1968 – 1993. -тт.1-10.325 бет.
- 7 Иллюстрированный определитель растений Казахстана. Алма – Ата: Наука. 1969 – 1972.Т.1.640с.т.2.575бет.
- 8 Аралбаев Н.К., Кудабаева Г.М. т.б.. “Государственный кадастр растений Южно-Казахстанкой области” Книга первая. Конспект видов высших сосудистых растений – Алматы, 2002г. – 314б.
- 9 Государственный Кадастр растений Южно – Казахстанской области. Красная книга. Дикорастущие редкие и исчезающие виды растений. Алматы – 2002. Б. 60 – 65.
- 10 Байтенов М.С. Флора Казахстана: В 2-х т. Алматы; Ғылым, 2001. бет 208.
- 11 Федченко Б.А Флора Заподного Тянь – Шаня. 1941 – 1961. Т. 31 Б. 23
- 12 Коровин Е. П. Растительность Средней Азии и Южного Казахстана. – М. Наука (1961 – 1962). Б. 238.
- 13 Красная книга Казахской ССР. т.2. Редкие и находящиеся под угрозой исчезновения виды животных и растений. 4.2.Растения Алма-Ата: Наука.1981.263б.



ӘОЖ 633.581.9:582.

ҚЫЗЫЛҚҰМ ШӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ПАЙДАЛЫ ӨСІМДІКТЕР**Раймбек М.А, Романова Л.Б, Шарипова З.Б, Ибрагимов Т.С**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

Шымкент, Қазақстан

Аннотация: В статье рассмотрены флористические особенности пустынь Кызылкума и их хозяйственное значение.

Ключевые слова: Кызылкум, пустыня, полезные растения, флора, рациональное использование, сохранение, охрана

Кіріспе Қызылқұм аумағының жер бедері алуантүрлі жазықтықтар мен аласа тау қалдықтарынан тұрады. Мұндағы жазықтықтар аласа тау қалдықтарының маңында және арасында орналасқан. Жазықтықтардың негізгі бөлігі эолді формадағы үлкен жал құмдар, құмды үйінділер, бархандар мен тақырлар алып жатыр. Бархандар Сырдария мен Амудария –зендерінің жағалаулары мен құдық мандарында, ал жал құмдар мен құмды үйінділерде өсімдіктердің түрлері қалыптасқан. Жал құмдардың арасында тақырлар орналасқан. Жалпы Қызылқұм аумағында шамамен 1050 жуық өсімдік түрі өседі [1]. Осы өсімдіктер түрлі мақсатқа қолданылатын тағамдық, техникалық, малазықтық, дәрілік маңызы бар сан алуан табиғи өсімдік ресурстарының қорын құрайды. Қазіргі таңда биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған шараларды атқару және табиғат байлықтарын пайдалану үрдісі табиғи флораны мұқият зерттеуді қажет етеді [2].

Экологиялық және геоморфологиялық ерекшеліктерімен құмды Қызылқұмның кең даласы мен табиғаты өте бай флористикалық аудандардың бірі болып табылады. Қызылқұм флорасы өзіндік ерекшелігі бар өсімдіктер дүниесінің түрлік құрамы мен өсімдіктер жабынының өзіндік ерекшеліктерімен айқындалатындығына байланысты үлкен теориялық және практикалық ғылыми маңыздылығы бар. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің тақырыбы өзекті деп саналады. Зерттеудің мақсаты. Қызылқұм өсімдіктердің флоралық құрлымы мен ресурстық ерекшеліктерін, шаруашылық маңыздарын анықтап, оларға геоботаникалық талдаулар жүргізу.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері Жүргізілген жұмысымыздың зерттеу аймақтары Қызылқұм флорасы. Бұл зерттеулер 2022-2023 жылдар аралығында биология және география кафедрасының «Түркістан облысының биологиялық алуантүрлілігін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми бағытына байланысты жүргізілді. Өсімдіктердің гербарий үлгілерін А.К. Скворцовтың [3] жалпы қабылданған гербарий жинау және кептіру әдістемесі бойынша жүргізілді. Жиналған гербарий түрлерін анықтауда 9 томдық «Қазақстан флорасы» [4], 2- томдық «Қазақстан өсімдіктерінің үлгілі анықтағышы» [5]. 2 томдық «Қазақстан флорасы» [6], және басқа да жеке аумақтар бойынша жазылған ғылыми монографиялық еңбектер [7,8,9,10,11,12,13,14,15] кеңінен пайдаланылды. Өсімдіктердің латынша атаулары С. Абдулинаның [16] ал қазақша атаулары С. Арыстанғалиевтің [17] еңбектерінен алынды. Экологиялық талдаулар Л.Я. Курочкинаның [18], Р.Д. Мельникованың [19] еңбектеріндегі жүйелер пайдаланылды.

Өсімдіктердің тіршілік формалары Серебрякованың [20] еңбектері пайдаланылды. Ал өсімдіктердің шаруашылық – бағалы түрлерін бөлуде Н.В. Павловтың [21], еңбегі негізге алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау: Жалпы Қызылқұм шөлі - Өзбекстан мен Қазақстан Республикасы аумағында яғни Амудария мен Сырдария өзендері



аралығындағы орналасқан. Ауданы шамамен 300 мың км² құрайды, оның 1/3 -і бөлігі Қазақстан аумағында яғни Қызылорда мен Түркістан облыстарына қарасты. Қызылқұм аумағында аласа қалдық таулардың басым бөлігі орталығында шоғырланған. Жалпы Қызылқұмның өсімдіктер жамылғысының алуан түрлі болуы осы қалдық таулардың геоморфологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты деп түсінуге болады [22].

Қызылқұмның флорасына геоботаникалық талдау жасау барысында Қазақстандық және Өзбекстандық ғалымдардың мәліметтеріне сүйеніп жазылды. Онда Қызылқұмның Қазақстандық бөлігінде яғни Қызылқұмның шығысында өсімдіктердің 330 түрі өседі, олар 200 туысқа және 45 тұқымдастарға бөлінген [7]. Қызылқұмның солтүстігі мен солтүстік батыс бөлігіндегі өсімдіктердің 310 түрі өседі, олар 62 тұқымдастарға бөлінген [8]. Ал Қызылқұмның Өзбекстан бөлігінде зертеушілер көп болды. Ондағы сан әр түрлі болған. Қызылқұм флорасы Шомурадов Х.Ф., Ф.О. Хасановтың мәліметі бойынша 68 тұқымдастан тұратын 345 туыс және 908 түрді біріктіргені анықталған [9]. Флоралық талдау бес биотоптарға бөліп толтырылды. 1. Қызылқұмның құмды шөлдері; 2. Қызылқұмның гипсті шөлдері; 3. Қызылқұмның сортаң шөлдері; 4. Қызылқұмның аласа қалдық таулары; 5. Қызылқұм маңындағы тоғайларда кездесетін өсімдіктер түрлері қамтылды. Талдаулар төмендегідей нәтижелер көрсетті: Қызылқұмның құмды шөлдерінде Р.Д. Мельникованың деректері бойынша гүлді өсімдіктердің 320-ға жуық түрі өседі, олар 134 туысқа және 31 тұқымдасқа жатады, олардың 174 түрі нағыз псаммофиттер болып табылады [10]. М.Матвафаева деректері бойынша құмды шөлдеріне 204 туыс пен 47 тұқымдасқа жататын гүлді өсімдіктердің 508 түрін жазды [11].

Қызылқұмның гипсті шөлдерде И. Ф. Момотовтың деректері бойынша 305 түрі бар [12]. Мұнда барлық Қызылқұм өсімдіктерінің 43% - ы және оның 34% - ы қанағаттанарлық мал жейді. Нашар жейтін өсімдіктердің саны 62, ал улы өсімдіктердің сан 20-ға жуық.

Қызылқұмның сортаң шөлдерде Н.И. Ақжігітованың деректері бойынша азықтық өсімдіктердің 268 түрі өседі. Аталған түрлердің 41-і нағыз галофиттер [13]. Жақсы жейтін түрлермен қатар, 38 нашар жейтін және улы өсімдіктердің 13 түрі бар. Тұзды мекендейтін азықтық өсімдіктердің тіршілік формалары бойынша таралуын талдау мұнда сортаңдардың барлық азықтық флорасының шамамен 57.4% құрайтын жылдықтардың басым рөлін көрсетеді. Екінші орында 59 түрі бар көпжылдықтар (22%), үшінші орында 17 түрі бар бұталар (6.3%). Қалған тіршілік формалары 2-15 түрден тұрады.

Қызылқұмның аласа қалдық тауларында 514 өсімдік түрі немесе 90.1% қалдық флорасы және 48.9% Қызылқұм флорасы өседі. Оның 149 түрі тек қалдықтарда өседі [14]. Аласа тау қалдықтарында мал азықтық өсімдіктерінің 514 түрінің 235 - і немесе 45.5% - ы біржылдық өсімдіктерге жатады. Мұнда көпжылдықтар 189 түрден тұрады (36.6%), ал бұталы өсімдіктердің үлесі аз-14.1%. Шөпті өсімдіктердің басым болуы көктем мен жазда уақытында байқалады. Қызылқұм маңындағы тоғайларда З.А. Майлунның мәліметтері бойынша 93 туыстан және 37 тұқымдасқа жататын гүлді өсімдіктердің 166-ға жуық түрі өсетіндігін көрсетеді, оның үстіне 64 түрі тоғайларға ғана тән [15].

Мұндай жүргізілген флоралық талдау нәтижесінде Қызылқұмның флорасы 345 туыс пен 68 тұқымдасқа жататын гүлді өсімдіктердің 908 түрінен тұрады. Қызылқұм флорасының спектрінде жетекші орынды *Chenopodiaceae* (148 түрі), *Asteraceae* (112), *Roaceae* (106), *Fabaceae* (67), *Brassicaceae* (67).

Геоботаникалық зерттеу барысында өсімдік жабындысын сақтаумен қатар оны шаруашылықта тиімді пайдалану мәселелері де қамтылады. Қызылқұм флорасының басым көпшілігі мал азықтық, омарталық, дәрі-дәрмектік, эфир-май және бояғыш заттар алынатын өсімдіктер. Сондықтан да осы топтарға көбірек көңіл бөлу орынды. Дегенмен, айта кету керек, бұлардың көпшілігінің табиғи қоры өте аз, сондықтан оларды меңгеру, дайындау тиімсіз. Бұл ретте, тек қана мал азықтық өсімдіктердің ғана едәуір табиғи қоры



бар екенін атап өткеніміз жөн. Ал, қалған бағалы өсімдіктер, біздің ойымызша, тек интродукция арқылы ғана елеулі пайда келтіре алады.

Мал азықтық өсімдіктер. Қазіргі кезде Қызылқұм жыл он екі ай жайылымдық мақсатта пайдаланылады. Мұнда бағалы шаруашылық маңызды өсімдіктердің негізгі бөлігі мал азықтық 908 түр бар. Бұл топқа кіретін өсімдіктер сол жергілікті жердің фаунасына тікелей әсерін тигізеді. Себебі мал азықтық өсімдіктер жайылым өсімдіктері болып саналады. Онымен бүкіл мал және жабайы аңдар азық етеді. Сонымен қатар қоршаған ортаның қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Бүкіл Қызылқұмда малшаруашылығының ішінде қаракөлшаруашылығы қатты дамыған аумақ болып саналады. Сондықтан жайылым шаруашылығын дамытуда қуаңшылыққа төзімді өсімдіктердің сұрыптарын шығару үлкен мәселе. *Омарталық өсімдіктер.* Зерттеліп отырған аймақтың 16-дан аса өсімдік түрлері осы топқа жатады. Тәулік бойындағы температураның тез өзгеруіне байланысты шөлейт аймақтардағы өсімдіктерде омарталық қасиет жоғары болады. Атап айтатын болсам: *Calligonum caput-medusae Schrenk*, *Calligonum microcarpum Borszcz.* *Calligonum elatum Litv.* *Calligonum eriopodium Bunge*, *Calligonum setosum Litv.*, *Polygonum patulum M. Bieb.*, *Rheum turkestanicum Janisch.* *Rheum nanum Sievers*, *Capparis (spinosa. L.) herbacea Willd.* *Ziziphora pedicellata*, *Melissa officinalis*, *Mentha asiatica*, *Glycyrrhiza aspera Pall.* *Ferula ugamica*, *Malcolmia circinata Boiiss*, *Ammodendron conollyi Bunge.* *Eremosparton flaccilum*, *Eremurus inderiensis*, *E. anisopterus* т.б. өсімдіктер жақсы омарталық қасиет көрсете алады. Сонымен, мұндағы өсімдіктері өте аз пайдаланылғанымен, бал арасын өсіруде маңызы зор.

Дәрілік өсімдіктер. Жабайы өсетін дәрі-дәрмектік өсімдіктер – адамзат баласына өте ертеден пайдаланылып келе жатқан топтарының бірі. Бұл топқа 200 өсімдікті жатқызуға болады, олар негізінен халықтық медицинасы мен ғылыми медицинада кеңінен қолданылады. Олардың қатарына мысалы, *Ephedra lomatolepis Schrenk* *Ephedra strobilacea Bunge*, *Hypericum perforatum*, *Plantago major*, *Glycyrrhiza aspera Pall.* *Achillea millefolium*, т.б. өсімдік түрлерін жатқызуға болады. Бұл өсімдіктер медицинада жан-жақты қолдау табуда. Зерттеу аумағында көпшілік емдік өсімдіктер жүйелі түрде пайдаланылмай түрлі жағдайлардың әсерінен жойылып кетуде. Ондай өсімдіктерге мысал ретінде *Ephedra equisetina*, *Emenium* – ні айтсақ та жеткілікті. Көптеген дәрілік өсімдіктердің *Psaralea*, *Ferula Peganum harmala*, *Rheum* -дің әжептеуір табиғи қоры болуына қарамастан тіптен дайындалмайды десек те болады.

Эфир-май алынатын өсімдіктер. Бұл топ 250-ға жуық өсімдіктерді біріктіреді. Зерттеліп отырған территорияда қомақты табиғи қоры бар, бағалы эфир-май алынатын өсімдіктердің *Ziziphora clinopodioides*, *Astragalus flexus Fisch.et C.A.Mey*, *Oxytropis villosum Ledeb*, *Onobrychis amoena M. Pop. et Vved*, *Thymus* т.б. атауға болады. Бояғыш өсімдіктер. Қызылқұмда бояғыш өсімдіктердің 18 түрі өседі. Олардың арасынан бояғыштық қасиеті жоғары болып саналатын *Onosma polychromum* *Limonium gmelini*. *Geranium collinum*, *Delphinium paradoxum*, т.б. сол сияқты өсімдіктерді ерекше атап өту орынды. Алколоидты өсімдіктер. Бұл топқа өсімдіктердің 11 түрі енеді, олардың арасынан жайылымдықта өсетін улы болып келетін мынадай өсімдіктерді айтуға болады: *Clematis songorica*, *Ceratocephalus falcatus*, *Ranunculus polyanthemus*, *Ranunculus pinnatisectus*, *Ranunculus platyspermus*, *Hupecum parviflorum* т.б. Техникалық өсімдіктер. Зерттеліп отырған территорияда мұндай қасиеті бар өсімдіктердің 11 түрі өседі. Олардың арасынан *Nitraria scoverti*, *Ammodendron conolii*, *Tamarix elongata*, *Tamarix ramosissima* -ны атауға болады. Басқа шаруашылық - бағалы өсімдіктер топтары (смола, талшық алынатын, сонымен қатар эрозияға қарсы т.б.) түрлер саны бойынша аз мөлшерде кездеседі.

Қорыта айтқанда Қызылқұм флорасының құрамында шаруашылық маңызы бар көптеген пайдалы өсімдіктер бар екендігі анықталды. Олардың арасында кеңірек пайдаланылатын мал азықтық, тағамдық, ішінара дәрілік өсімдіктер мен тіпті пайдаланылмайды деген дәрумендік, бояғыш, сәндік, эфир-май алынатын, омарталық өсімдіктер де бар. Сондықтан да оларды сақтау және оларды ұтымды пайдалану өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар флорада сирек кездесетін өсімдіктердің ішінде медицинада қолданылатын түрлерді: сырттан, күшәлә, қылша, киік оты және жойылып бара жатқан көптеген өсімдік түрлерін сақтап-қорғау жұмыстарын



насихаттап, оларға ерекше көңіл бөлініп олардың ареалдрын қорғау барысында қорық немесе қорық аймақтарын құру керек деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Хасанов Ф. О., Шомурадов Х. Ф., Кадыров Г. Краткий очерк и анализ эндемизма флоры пустыни Кызылкум/ Ботанический журнал. Т.96.№2. б 237-245.
- 2 Аралбаев Н.К. Влияние антропогенного фактора на растительный покров Южного Казахстана. Государственный кадастр растений Южно-Казахстанской области. Государственный кадастр растений Южно- Казахстанской области. - Изд. Гылым, Алматы, 2002. - 14 б.
- 3 Скворцов А.К. Гербарий. Пособие по методике и технике. - М., Наука. - 1977. - 198 б.
- 4 Флора Казахстана. - т.т. 1-9, Алма-Ата, 1956-1966 г.б 23.
- 5 Иллюстрированный определитель растений Казахстана, т.т. 1-2. Алма-Ата, Изд. «Наука». 1969-1972 г. б 560.
- 6 Байтенов М Флора Казахстана. - т. 1, - Алматы, 1999-2001. 210 б.
- 7 Ибрагимов Т.С., Абдраимов С. К изучению флоры юго-восточного Кызылкума. - Алматы, 2003. -Б.78-80.
- 8 Осмонали Б.Б., Құсманғазин Ә.Б., Курманбаева М.С. Солтүстік Қызылқұмда өсетін шаруашылыққа құнды түрлер және оларды практикалық қолдану үшін маңызы / Әл-Фараби атындағы ҚҰУ жаршысы, экология сериясы,№2(7), Алматы. 2022. 81-93 б
- 9 Шомуродов Х.Ф., Хасанов Ф.О., Кормовые растения пустыни Кызылкум /Аридные экосистемы, 2014, том 20, № 3 (60), б. 94-101
- 10 Мельникова Р.Д. Классификация растительности В кн. Растительный покров Узбекистана Ташкент., 1971. б 181
- 11 Матвафаева М. 2012. Узбекистон кумли чуллар флорасининг экологик гурухлари (Экологические группы флоры песчаных пустынь Узбекистана). Материалы республиканской научной конференции «Актуальные проблемы экологии растений». Ташкент: ИГриЖМ. Б.82-84.
- 12 Момотов И.Ф. 1973. Гипсофильная растительность// Растительный покров Узбекистана. Т.2. Ташкент: «Фан». С. 81-192.
- 13 Акжигитова Н.И. Галофильная растительность Средней Азии и ее индикационные свойства. Ташкент: «Фан». 1982.189 б.
- 14 Закиров П.К. Растительность аридных низкогорий // Растительный покров Узбекистана. Ташкент: Фан. Т. II. 1973. Б. 192-210.
- 15 Майлун З.А. Тугайная растительность // Растительный покров Узбекистана. Т. 2. Ташкент, «Фан». 1973. Б. 303- 376.
- 16 Абдулина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. -Алматы, 1999. –187 б.
- 17 Арыстанғалиев С. А., Рамазанов Е.Д. Қазақстан өсімдіктері. Алматы. 1977. – 256 б.
- 18 Курочкина Л.Я. Основные эдификаторы растительного покрова и классификация растительности песчаных пустынь Казахстана // Растительный покров Казахстана. - Алма-Ата, 1966, Т.1. - Б.218.
- 19 Мельникова Р.Д. Псаммофильная растительность // Растительный покров Узбекистана. Т.2. Ташкент: «Фан». 1973. Б. 4-80.
- 20 Серебряков И.Г. Жизненные формы высших растений и их изучение // Полевая геоботаника. - М-Л., «Наука». 1964, Т.3. – б 189.
- 21 Павлов Н.В. Растительные ресурсы Южного Казахстана. М.: Изд-во АН СССР.1947. 199б.
- 22 Закиров П.К. Ботаническая география низкогорий Кызылкума и хребта Нуратау. Ташкент: «Фан». 1971. 202 б.



FTAMP 34.29.25

ҚАЛАМПЫРЛАР ТҰҚЫМДАСЫ ТҮРЛЕРІНІҢ БИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СИСТЕМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

¹Манап А.М., ²Туменова А.Ж., ¹Адырбекова Г.Т., ¹Ибрагимов Т.С

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті

²Болашақ колледжі
Шымкент, Қазақстан

Аннотация: В статье рассмотрены систематические и биоэкологические особенности представителей семейства Caryophyllaceae. Juss, а также их хозяйственное значение.

Ключевые слова: вид, разнообразие, система, род, род, специфика, состав флоры, фитоценология, Гвоздичные

Кіріспе Жалпы өсімдіктер әлемін қорғау және оларды тиімді пайдалану, биогеоценоздарды сақтау, қазіргі кездің ең негізгі және өзекті мәселесі. Қазіргі таңда өсімдіктер қауымдарына түрлі антропогенді және техногенді салмақ түсіп жатқан кезде, өсімдік ресурстарын қорғау және оларды тиімді пайдалану мәселесін шешу ең алдымен табиғи өсіп тұрған өсімдіктерді жан-жақты зерттеуді талап етеді. Бұл мәселені шешу үшін жекелеген аймақтардың флорасын және жекелеген түрлерін, туыстарын, тұқымдастарын түгелдей зерттеу қажеттілігі өзінен-өзі түсінікті. Бір ғана климаттың жылына бастауы ғаламдық деңгейде басқа экологиялық стресстермен және адамдардың тікелей іс-әрекетіне байланысты экожүйелердің өзгерулеріне алып келетіні белгілі. Қазірдің өзінде антропогендік өзгеріске ұшырамаған өсімдік қауымдастығы және экожүйесі жоқтың қасы, бұл біріншіден өсімдіктердің түрлік құрамын төмендетіп өнімділігін түсіреді. Экологиялық жағдайлардың тез өзгерулеріне байланысты аса маңызы міндеттердің бірі табиғи пайдалы өсімдік қорларын жан-жақты зерттеу, және оны тиімді пайдалану жолдарының ғылыми негізін әзірлеу және олардың ареалдары қысқарып бара жатқан түрлерді анықтау ботаникалық қортанудың негізгі мақсаты мен міндеттері болып қала бермек [1].

Материалдар мен зерттеу әдістемелері Зерттеу жұмыстары университеттің биологиялық зертханасындағы гербарии қоры, әдеби деректер бойынша жүргізілді. Өсімдіктердің гербарий үлгілерін анықтау [2], жүйелеу және олардың конспектісін түзу 2 - томдық «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» [3], 2 томдық «Флора Казахстана» [4], және басқа да монографиялық еңбектер кеңінен пайдаланылды. Өсімдіктердің түрлері мен туыстарының латынша атаулары Н. Аралбайдың [5] ал қазақша атаулары С. Арыстанғалиевтің [6] еңбектеріндегі кестелерді пайдалана отырып жасалынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Қалампырлар тұқымдасы (Caryophyllaceae) – жоғары сатыдағы өсімдіктер бөлімі, қос жарнақты класы өсімдіктердің бір тобы. Тұқымдасқа тән ерекшеліктер: жапырақтары жіңішке, көбіне қарама-қарсы орналасқан гүлдері қос жынысты, араларында дара жыныстылары да кездеседі. Гүлшоғыры сыпыртқы не шашақ тәрізді, кейде дара гүлді. Аталығы 10, кейде 5 не бұдан да аз, аналығы – біреу. Қалампырлар тұқымдасының көп түрлері түнде гүлдейді (мысалы, салбыр сылдыршөп, т.б.) және гүлінен шырын бөлінеді. Осыған байланысты бұлар түнгі жәндіктер арқылы (негізінен көбелектермен) тозаңданады. Жемісі – қорапша, кейде жаңғақ не жидек тәрізді болады. Бұлардың арасында мал азықтық, улы арамшөп, әсемдік үшін өсірілетін, дәрі жасауда, тағам, парфюмерияда, тоқыма өнеркәсібінде пайдаланылатын, тамырында сапониндер, алкалоидтар болатын түрлері бар [7]. Жемісі – қорапша, кейде жаңғақ не жидек тәрізді болады. Қалампырлар (Caryophyllaceae. Juss) тұқымдасы түрлерінің систематикалық



ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары көрсеткендей, олардың жоғарғы сатыдағы жабық тұқымдылар бөлімі гүлді өсімдіктердің ішіндегі қос жарнақтылар класы, қалампырлар (Caryophyllidae) клас тармағына жатады. Класс тармақ өзінің алуан түлі полиморфты ерекшеліктеріне қарай 2 қатарға (Caryophylleae мен Paronychieae) біріктіріп тұр [8]. Қалампырлар (Caryophyllaceae. Juss) тұқымдасы 3 тұқымдас тармағына Paronychioideae Vierh., Silenoideae A.Br., Alsinoideae Vierh. бөлінген. Мұндағы әр бір тұқымдас тармақтары өз кезегінде трибалар мен триба тармақтарына бөлінген. Қалампырлар жердің барлық континенттерінде таралған, бірақ біркелкі емес. Түрлердің ең көп саны ежелгі Жерорта теңізі аймағында, Орталық және Шығыс Азия аймақтарында кездеседі. Қалампырлар көптеген шөптесін өсімдіктер қауымдастығында маңызды рөл атқарады және шөлдерде, тундраларда, субтропиктердің және тропиктердің биік таулы аймақтарында өседі, олар ерекше жастық формасымен ұсынылған. Caryophyllaceae. Juss жер бетіндегі құрлықтардың барлық жерінде, Арктика мен Антарктидада кездеседі. Түрлерінің саны 2 мыңдай 80 ге жуық туыстан тұрады. Ал Қазақстан аумағында 30 туыстан тұратын 200-ге жуық түр өседі [9].

Тұқымдас өкілдерінің тіршілік формалары негізінен көп жылдық шөптесін өсімдіктер, бұталар, бұташық, жартылай жұташық, ағашты түрлері бар тек сиректеу бір жылдық шөптесін түрлері кездеседі. Тұқымдаста бірқатар полиморфты туыстардың болуы (Silene, Dianthus, Elisanthe, Gypsophila), айтарлықтай түрішілік өзгергіштік, көбінесе түр аралық белгілердің күрделенеді, түрлерді тануды қиындатады және қалампырды ең қиын және таксономиялық жағынан қызықты тұқымдастардың біріне айналдырады.

К.Линей мен бірге 19 ғасырға дейін бүкіл жер шарының түрлі аймақтарында жинақталған ғылыми деректермен толықты. Онда француз ғалымы Огюстена Пирама Декандоля тұқымдасты екі қатарға бөлді. Онда Caryophylleae қатары өсімдіктің тостағанша жапырақтарының өсінділері арқылы белгілерімен екі трибаға бөлінетінін жазып отыр олар Sileneae DC. и Alsineae DC. Ал Paronychieae қатары өсімдік гүлінің, жемісінің және жапырақтарының орналасуына қарай жеті трибаға Telephieae DC., Illecebreae DC., Polycarpeae DC., Pollichieae DC., Querieae DC., Scleranthae Link, Minuartieae DC. Бөлінген [10].

